

Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жүргізілген жылдық жұмыс есебі.

2022-2023 оқу жылы.

Мақсаты: жеңіл түрдегі зиятының зақымдалуы бар балалармен дамыту-түзету жұмыстарын жүргізуді жүзеге асыру және келешекте баланың толық дамыған тұлға болып қалыптасуы мен әлеуметтік ортаға бейімделуін қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- Баланың психикалық іс-әрекеттерін дамыту;
- Түзету-дамыту жұмыстарын жүзеге асыру;
- Әр баланың жекелей қабілеттері мен мүмкіндіктерін дамыту;

Жұмыс барысы:

Ұйымдастырушылық-әдістемелік кезең. Бұл кезеңде ПМПК ұсынысы және арнайы мамандарының ұсынысы (жекелей кеңестер жүргізу арқылы) бойынша балаларды жинау. Диагностикалық кезең. Балаларды жекелей сараптамадан өткізу, анықтамалық мәліметтер жинау. Түзету-дамыту кезеңі. Балалармен жекелей және топтық сабақтар жүргізуі. Қорытынды кезең. Қорытынды сараптама жүргізу және қорытындысын шығару.

Жылдық жоспарға сай жұмыстар жалғастырылды. ЕБҚЕ оқушыларға жеке кесте бекітілді. Мектеп жасындағы кейбір оқушылардың сөйлеуіндегі ең көп кездесетін кемшіліктердің бірі – дыбыс айтудағы бұзылыстар. Әр жастағы балаларда сөйлеу тілінің әр түрлі бұзылыстары кездеседі. Олардың ішіндегі ең көп таралған түрі – дыбыс айту кемшіліктері. Дыбыстардың дұрыс айта білмеу себебі: әдетте артикуляциялық моториканың бұзылуынан немесе жеткіліксіз қалыптасуынан болады.

Қыркүйек айында: Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың психикалық даму ерекшеліктері туралы диагностикалық іс-құжаттары жинақталды. Ерекше білімді қажет ететін оқушылардың ата-аналарының құжаттары, оқушылардың құжаттары жинақталды.

2 сынып оқушысы Хамит Ибраһим ПМПК қорытындысы бойынша «Жеңіл түрдегі зиятының зақымдалуы» диагнозы бойынша есепке алынған. Ибраһим сойлеген сөзі анық емес, сөзін түсіну қиын болған. «Р,Л,С,Ш,З» дыбыстары анық емес болатын. Қазір «С,Ш,З» дыбыстары қойылды, тек Р,Л дыбысы анық емес, бірақ арнайы артикуляциялық жаттығулар, қолдың ұсақ моторикасын дамыту жаттығулары, дыбыстарды машықтандыру жұмыстары жасалынды.

Артикуляциялық жаттығулар, дыбыстарға байланысты тақпақтар және әріптермен машықтандырылды. Өмірге бейім болу үшін мамандықтарды дұрыс таңдау, ақ пен қараны айыра білу, өз ойларын ашық айтуды үйретілуде. Суреттермен, жеке қима кеспе әріптермен, логикалық ойын дамыту мақсатында Ибраһимге «артық затты тап, бөліктен суретті жина» т.б тапсырмаларымен машықтанды. Өзіне ұнаған суреттерді шын көңілмен ұнатып қызығып салады. Бірақ сабақ кезінде сыныбындағы оқушылармен ашық және жақын сөйлеспейді. Ибраһимге арнайы түзету-дамыту жұмысының жоспары құрылып жасалды. Қамқоршыларына сұраныс бойынша жекелей кеңес берілді.

Жалпы жоспар негізгі 3 бағытты қамтиды. Сенсорлық процестері мен кеңістік бейімделуін дамыту, қимыл-қозғалыс саласын және зерде аясын дамыту. Осы негізгі үш бағыт бойынша жұмыстар жүргізіліп отырды. Ибраһимнің есте сақтау қабілеті төмен болғандықтан, тапсырмалар легі қайталанып отырды.

Ибраһим тыңдалым процесіне қатыса алғанымен, оқылым және жазылым тапсырмаларын орындай алмайды. Оқушылармен сабақ процесіне қатысып, жаңа сабақты түсінуге мүмкіншілігі төмен. Суретті өте жақсы салады. Еркін тақырыпта сурет салғанды ұнатады. Ол ерекшелігі туралы қамқоршысына ескертілді.

Сабақ кезінде мұғалімі оқушыға қызықты жеңіл тапсырмалар беріп, баланың пәнге деген қызығушылығын арттырып отырады. Сабаққа деген оқушының ынтасы жақсы болғанымен, қабылдау қабілеті орташа деңгейде. Кей кездері көңіл-күйі мен денсаулығына байланысты тақырыпты қабылдауы төмендеп қалады. Қабылдауына қиындық туғызатын негізгі математика, қазақ тілі пәндерінен өткен тақырыпты меңгеру үшін қосымша уақыттарды пайдаланып сабақты қайта түсіндіріліп отырады. Және тіл дыбыстарын дамытуға байланысты жұмбақ, жаңылтпаш, өлеңдер жаттайды.

7-сынып оқушысы Айтпай Бейбіт ПМПК қорытындысы бойынша «H26.9 Катаракта неуточненная. OD-Артифакция. Авитрия. Увеонейрохориоретинит вирусной этиологии в стадии ремиссии. Субатрофия глазного яблока 1 степени» диагнозы қойылды.

Бұл оқушы жалпы білім беру бағдарламасы бойынша оқыды. Бір көзіне ота жасалып, нашар көргендіктен өзге балалардың жанында өзін жайсыз сезінетін. Есте сақтау қабілеті, зейіні, ойлауы жақсы дамыған. Оқуға ынтасы орташа. Бұл оқушымен жылдың басында «Эмоционалдық интеллект және сыни ойлау» тақырыбында жоспар құрылды. Сыныптастары мен достарының

арасында өзін кем санамауы үшін, өзіне деген сенімін арттыру мақсатында құрылған жұмыс жоспары. Өз эмоциясын басқара алуы үшін бағытталған. Бейбіттің жасындағы кезең-бұл балалардың физикалық және әлеуметтік-эмоционалды жағынан үлкен өзгерістерді бастан кешіретін динамикалық уақыт.

Интеллект дегеніміз – адамның танымдық, ойлау қабілеттерін біріктіретін, сипаттайтын қабілеттердің жиынтығы: тану, ойлау, сезу, жад, есте сақтау, қиялдау, суреттеу, кескіндеу, елестету. Эмоциялар – бұл жеке адамдардың өмірін ғана емес, бүкіл қоғамды жақсартуға арналған құрал. Бейбіттің жағдайында шамадан тыс эмоция денсаулығына кері әсерін беруі мүмкін. Сондықтан оны эмоциямен байланысты барлық ұғымдармен толықтай таныстырып, жеке жұмыс жасалды.

Эмоционалды интеллекттің дамуы депрессия, ашуланшақтық және т.б. сияқты бұзылулардың алдын-алу қызметін атқара алады. Бейбіттің оқу жылының соңындағы жағдайы жақсы. Өзін-өзі қабылдауы жақсы, бағалауы орташа. Сыныптастарымен қарым-қатынасы жақсы. Өз эмоциясын басқара алады. Позитивті эмоциялары мен оң көзқарастар басым.

Педагог-психолог: Ракишева А.Е